



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, несмотря на имеющиеся достижения в построении национальной инновационной системы для развития инновационного потенциала отечественной экономики еще предстоит решить целый ряд задач. Инновационная деятельность в стране регулируется Законами Республики Казахстан «О государственной поддержке индустриально-инновационной деятельности» и «О науке».

Тем не менее, следует отметить, что к недостаткам действующего законодательства в области инновационной деятельности относится отсутствие центра ответственности за формирование и реализации единой государственной политики в области инновационно-технологического развития страны и, соответственно, отсутствие координации между государственными органами и институтами инновационного развития, научно-исследовательскими организациями и предприятиями реального сектора экономики. Программа развития инноваций и содействия технологической модернизации нацелена на достижение устойчивого развития страны путем создания эффективной системы генерации и использования знаний в экономике, в том числе через ориентирование прикладной науки на задачи модернизации отечественной промышленности.

Как известно, экономические и законодательные аспекты проблемы развития инновационной деятельности постоянно находятся в центре внимания многих ученых и практиков. Многогранность инновационного процесса вызвала к жизни различные подходы, как к определению инноваций, так и теоретических основ инновационного предпринимательства. Однако некоторые проблемы развития и активизации инновационной деятельности недостаточно исследованы, особенно вопросы формирования эффективного организационно-экономического механизма и прочной законодательно-правовой базы на новом этапе трансформационных преобразований. Таким образом, заложенные теоретические и методологические основы инновационной деятельности требуют дальнейшего развития и обобщения.

Мы считаем, что успешная реализация индустриально-инновационной программы, ее своевременное законодательное обеспечение позволят сосредоточить усилия на улучшении качества образования, реализации кадровой стратегии, увеличении инвестиций в человеческий капитал, а в целом — на повышении конкурентоспособности.

#### **Список использованных источников:**

1. Указ Президента Республики Казахстан «Об утверждении Концепции инновационного развития Республики Казахстан до 2020 года» // <http://pravo.zakon.kz/4600077-utverzhdjena-koncepcija-industrialno.html>.
2. Программе форсированного индустриально-инновационного развития на 2015-2019 годы.
3. Муканова А. Основные тенденции инновационного (научно-технического) развития Казахстана // Транзитная экономика. – 2006. – № 5-6. – С. 42-47.
4. Жолдасбаева Н. Причинно-следственные связи инноваций // Казахстанская правда. – 2011. – 17 сент. – С. 4.
5. Инновационный менеджмент: Концепции, многоуровневые стратегии и механизмы инновационного развития: Учеб. пособие / Под ред. В.М. Аньшина, А.А. Дагаева. – 3-е изд. – М.: Дело, 2007. – 584 с.
6. Полтерович В. Принципы формирования национальной инновационной системы. // Проблемы теории и практики управления. – 2008. – № 11. – С. 8-19.

**ӘОЖ 347.65/.68 (574)**

**«МҰРАҒЕРЛІК ҚҰҚЫҚ- ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ КӨРІНІСІ »**

**Жумаханова Ханзия Жумаханқызы**  
*xanzyia@mail.ru*

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы құқықтық, рухани, экономикалық жағынан дамуды, қайта құруларды басынан өткеріп отырған кезде халқымыздың құқық жүйесінің қайнар көзі болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып заңдардың қамтыған салаларын жан-жақты зерттеуде. Сөзсіз мұндай институттардың бірі – мұрагерлік құқық мәселесі болып отыр. Бұл институт уақыт өте келе, осы таңға дейін өз мәнін, күшін жойған жоқ.

Қазақ халқының ғасырлар қойнауына кетер тарихы, өзге халықтардан ерекшеленетін, өзіне ғана тән ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері бар. Соның ішінде ең құндыларының бірі-мұрагерлік. Жалпы адамзат баласы дүниеге келіп, өсіп-өркендеуін қамтамасыз етуде мұрагерлік институтының алатын орны ерекше. Ол әр дәуірдің өркендеп-дамуына, дініне, мәдениетіне орай өзгеріп отырған. Қазақ халқының басынан өткен мұра мен мұрагерлік қағидаларының мәні әлі күнге терең, одан көптеген үлгі-өнеге алуға лайықты. Қазақ халқының басқа халықтардан өзгешелігі сол, оның мұрагерлік институты тақ мұрагерлігі, енші беру, жасау беру, әменгерлік, жетімдері мен жесірлерін жатқа жібермеу сияқты ұғымдармен толығып, сомдалып, ширатыла түскен.[1] Қазақ қоғамындағы мұраның хандық дәуірде бөлінуін шариат заңдарымен байланыстыра отырып, тереңнен зерттеп мұраның бөлінуін айқын көрсете білген ғалым Н.Өсерұлының еңбегінде мұра былайша бөлінеді деп көрсетеді:

«- баласы өлсе, ата-анасы басқа мұрагерлері (туған балалары) болмаған жағдайда мұраны толық алады;

- ер адамға бір әйелге жартысы берілетін қағида бойынша толық мұраның әкесі үштен екісін, қалғанын анасы алады;

- ата-анасы мен өлген марқұмның артында аға-інісі қалса, анасына алтыдан бірі, қалғаны әкесіне, ал аға-інілеріне мұра бөлінбейді;

- марқұмның артында ата-анасы мен балалары қалса, ата-анасына мұраның алтыдан бірі ғана тиесілі;

- марқұмның артында тек балалары ғана қалса, мұра оларға мұралық қағидасымен теңдей бөлінеді;

- ұлдан туған балалар тұрғанда қыздан туылған балалар мұрагерлік құқыққа ие бола алмайды». [2]

Қайта өркендеу, жаңартулар орын алып отырған қоғамның қазынасы, ең үлкен байлығы - азамат. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзге құқықтармен қоса, азаматтардың жеке меншікке және де мұрагерлікке құқығы айқындалған. [3]

Қазіргі таңда нақты қажеттіліктерге бағытталған тәжірибе кеңістігіне кең ауқымда азаматтық құқық теориясының шығуы басты мәселелердің бірі болып отыр. Әрине, бұл мәселе мұрагерлік құқықты да қамтитыны сөзсіз. Жеке меншікке құқықтың басты құраушысы ретінде, осы құқық саласында өзгертулерге ұшыраған заңнамалар мен жаңа концепциялардың қабылдануына орай мұрагерлік құқықты басты назарда зерттеу қажет.

Мұрагерлік құқық туралы сөз қозғамас бұрын, «мұра» сөзін жете түсініп алу қажет. «Мұра» - жай ғана заң термині емес, бұл – белгілі бір құқықтық ұғым. Сондықтан, заңгерлер оның нақты ұғымын түсінуі абзал. Мүліктік немесе өзге де мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің қайтыс болған адамның мұрагерлеріне заң жүзінде қалуын – мұра деп танылады. Осыдан сайып келіп, мұрагерлік деп – қайтыс болған адамның, яғни мұра қалдырушының мұрасының мұрагерлеріне ауысуы деп қарастырылады.

Заң сөзімен нақты айтар болсақ: “Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы”. [4]

Тарихқа шолу жасай отырсақ, азамат қайтыс болған кезде, оған тиесілі мүлікке меншік құқығы өсиетке немесе заңға сәйкес мұрагерлік талаптары бойынша басқа адамдарға беріледі. Көптеген әдебиеттерде мұра ұғымы алғаш рет Ежелгі Римде «hereditas», — деп аталып, қолданылатын болған деген пікірлер бар. [5] Ал Қазақ жерінде мұрагерлік құқық

мәселелерін- алдымен Қасым ханның мүлік туралы заң жинақтарында, кейіннен заңдарды одан әрі жетілдіру нәтижесінде “Жеті Жарғы” дәстүрлі әдет-ғұрып заң жинағында көрініс тапты. Дәлірек айтсақ, неке және отбасы заңдарында реттелген отбасы мүшелерінің мүлікке деген құқығы айқындалған. [6]

Жекеменшіктің өркендеу сәті мұра ретінде, жеке бас қолданыстағы заттан басқа, кез келген пайда түсіретін, әр түрлі қажеттіліктерді қамтамасыз ете алатын мүліктер танылды. Алайда, бұл талаптарды адамзат өркениетінде айқын түсіну үшін бірнеше мыңжылдықтар қажет болды.

Азаматтың қайтыс болғаннан кейін артынан қалған мүлкінің тағдыры тек қана жеке бас мүддесінде ғана емес, қоғамдық маңызы да бар болды. Осы сәтте қоғам тарапынан мұрагерлік құқықтың даму барысында көптеген ой-пікірлер, жан-жақты келіспеушіліктер орын алып отырған.

Қазақстан Республикасының халқының әл-ауқаты жақсарған сайын, жекеменшікке және мұрагерлікке құқық едәуір маңызға ие бола бастады. 1999 жылы 1 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Ерекше бөлімі) осыдан қырық жыл бойы өзгермеген мұра ауысу талаптарын түбегейлі өзгертті.

Мұралық мүлікке мұра қалдырушының заң бойынша тиесілі мүліктері ғана емес, онымен қоса мүліктік емес құқықтары мен міндеттері де кіреді.

Мемлекет қабылдаған заңдар, нормативтік актілер – мүліктік қатынастарда азаматтардың құқықтарын қорғау және оған қол сұғылмаушылықты белгілейтін, реттейтін әрі нығайтатын маңызды құжат болып табылады. Сондықтан, меншік иесінің мүлікті иеленуі, пайдалануы және билік етуі тек заң белгілеген шеңберде ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары заң және сот алдында мұрагерлік құқық мәселесінде, олардың тегіне, мүліктік жағдайына, лауазымына, ұлт пен нәсіліне, дінге көзқарасына қарамастан барлығы тең. Азаматтардың жеке меншігіндегі мүлкін және оған мұрагер болу құқығын мемлекет қорғап, қол сұғылмаушылыққа кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мұраны қабылдаудың нақты анық-қанықтылығын бекітіп, мұраны алу және одан бас тартуға, мұра қалдырушыға мүлікті таңдауда толығымен бостандық берілді, сонымен қатар заң бойынша мұрагерлердің тізімін кеңейтті және де мұрагерлік құқықтың өзге де институттарына өзгеріс енгізді, дәлірек айтсақ, мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету, ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік, мұрадағы міндетті үлеске құқық, иесіз қалған мүлік.

Мұрагерлік құқықты реттейтін нормалар, ҚР Азаматтық Кодексінен басқа өзге де нормативтік құқықтық актілерде бар, мысалы, Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы [7] және Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы нұсқаулық. [8]

Алайда, қолданыстағы заңдарды мүлтіксіз жасалған деп айтуға болмайды. Мұның барлығы мұрагерлік қатынастарды құқықтық реттеудің сапасына, мұрагерлік құқық істері жөніндегі соттық тәжірибеге де өз әсерін тигізіп отыр.

Мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың өте маңызды бөлігі бола отырып, өзге бөліктерінде кездеспейтін көптеген заңды ұғымдарды қамтиды. Бірақ сол бөліктер азаматтық құқықта өте аз өңделген: мұрагерлікке құқықтың басталуы тәжірибе жүзінде аз түсіндірілген. Сонымен қатар, әр халықтың мұрагерлік құқығы әр қилы, сондықтан жалғыз бір заңнаманың талаптары қолданыла бермейді. Сондықтан, Рим құқығында мұрагерлік құқық қаншалықты жіті дамығанымен, мүлтіксіз біздің құқық және заң жүйесінде қолданылуы мүмкін емес.

Мұрагерлік құқықтың маңыздылығына қарамастан, азаматтық құқық жүйесінде соңғы орында баян етілген, себебі мұрагерлік құқық туралы айтпас бұрын алдымен оған дейінгі азаматтық құқық айналымында әрекет етіп жүрген азаматтардың құқықтары мен міндеттері көрініс табуы заңды. Ал содан соң, яғни азаматтың азаматтық құқық айналымындағы қызметі аяқталғаннан соң, сұрақ туындайды: адам өмірін аяқтағаннан соң оның мүлкінің тағдыры не болмақ және қалай шешілмек?! Табиғи заңдылыққа бағына отырып, біз, адам қайтыс болған соң онымен бірге тек кейбір мүліктік қатынастары ғана жойылады, ал көп

бөлігі өз тағдырын жалғастыра бермек деп ой түйеміз. Себебі, мұндай өлмес мүліктік құқықтары азамат өзінің артында қалған мұрагерлері арқылы өз жолын жалғастыра береді. Мүлікке, құқықтар мен міндеттерге мұрагерлік азаматтық құқықтың субъектісі ретінде азаматтың құқықтарын қамтиды. Әрине, адамның қайтыс болуымен оның кейбір мүліктері жойылуы мүмкін. Мысалы, қайтыс болған адаммен бірге көйлегі де бірге жерге көміледі. Алайда, көпшілік мүлкі қайта жаңғырып, ары қарай заңды түсіндірмелерге ие болады. Дәл солай міндеттерге де байланысты айтуға болады. Мысалы, адамның қайтыс болған кезде өзімен бірге жеке қарыз, сенімхат күшін жояды. Мүлікке мұрагерлік құқығын жүзеге асыратын тұлға, яғни мұрагер үшін, қайтыс болған адамның мүлкіне билік ету құқығы екі жақты ашылады: рухани өсиет негізінде немесе заң жүзінде, заңдық негізде. Алайда, бұл екі негіздер өзара бірдей мәселелерде бәсекеге түседі, сондықтан мұраға құқық белгілі жағдайларды - өсиет негізінде, ал кейбірінде – заң бойынша жүзеге асырылады.

Осыған сәйкес, заңнама ең алдымен субъектінің өзінің заңи қарым-қатынас тағдырын анықтап алуға, яғни кім бұл қатынасқа түсуге құқығы бар екенін айқындап алады. Міне, осы мұрагерлік құқықты қамтиды; бұл құқыққа ие тұлғаны – мұрагер, мүлік, құқықтар мен міндеттер жиынтығы – мұра, ал өзінен кейін мұра қалдыратын тұлғаны – мұра қалдырушы, яғни қайтыс болған адам деп танымыз. Алайда кез келген адамның қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік құқық басталады деп түсінбеу қажет. Шындығына келсек, мұрагерлік құқық туралы сөз тек қалдырылатын мұраның қаншалықты қызығушылықта тудыратынына байланысты қозғалады, ал егер де ондай қызығушылық болмаса, онда мұра туралы ойлаудың да маңызы жоқ, солай неше мыңдаған адам көз жұмуда.

Қазақстан Республикасындағы мұрагерлік құқықтың тарихта және қолданыстағы заңнамалардағы орны жайлы зерттей келе, қорытынды ретінде, И.А.Покровскийдің: “... мұрагерлік құқық аясында біз әлі де сол «жекешелендіру» мен «ниеттесу, бір пікірге келу» үрдісіндегі тартысты көреміз. Егер де мұрагерлік құқық бостандығында біріншісі басым болса, онда мемлекетте екіншісінің қатысы дами түседі”. Мұрагерлік құқық тарихымызда әр дәуірдің өркендеп-дамуында, халықтың тұрмысы мен жағдайы, дәстүр мен ұлттарға байланысты өзгеріп отырған. Дәл сол сияқты, қазіргі таңда еліміздің экономикасының дамуына байланысты, қабылданып жатқан концепциялар мен стратегияларға сәйкес, халықтың әл-ауқатына байланысты заңнамаларда өзгерістер жиі көрініс табады. Сондықтан әрине, қолданыстағы заңнамалар мұрагерлік құқық институттарын мүлтіксіз реттеуші актілер деп айта алмаймыз, алайда болашақта сондай бір заң жүзінде құжаттың болуына сенеміз де, оны жүзеге асыру үшін өз үлесімізді қосуға тырысып бағамыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер :**

1. Қазақ әдет-ғұрып заңдарындағы мұра мен мұрагерліктің қоғамдағы рөлі А. Смағұлова. // Заң. - 2005. - №9. - 9-10 бет.
2. Өсеров Н., Қопабаев Ө. Мұсылмандық құқық, Алматы, 1998.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: ЮРИСТ, 2009. - 88 бет.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі /ерекшебөлім/, 1 шілде 1999 ж. N 407 Заңы. – 6 бөлім.– 57 тарау.- 1038 бап.
5. Батырбаев Н.М., Аманқожаев А. «Мұрагерлік құқық». Оқу құралы. Алматы. 2006 ж. – 10-11 бет.
6. Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы, 1999. - 114 бет.
7. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы, 1997 ж. 14 шілде N 155 Заңы//www.zakon.kz
8. «Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы нұсқаулық», 1998 жылғы 28 шілде/ 2012 жылғы 31 қаңтар//www.zakon.kz